

**ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ**

**ЭКОНОМИКА И ПРАВО**

**ECONOMICS AND LAW**

**FTAMP 316.422:338.2**

**МЕМЛЕКЕТТІК-ЖЕКЕ МЕНШІК ӘРІПТЕСТІК МҮМКІНШІЛІКТЕРІН**

**ӘЛЕУМЕТТІК САЛАДА ҚОЛДАНУ**

**М.Ә. ТҮРҒАНБАЕВ**

*Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Ақтөбе қаласы,  
Қазақстан*

**Аңдатпа.** Ғылыми жұмыста еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуында маңызы күннен-күнге артып келе жатқан мемлекеттік-жеке меншік әріптестігінің мүмкіншіліктерін әлеуметтік сала мәселелерін шешуде қолдану проблемалары қаралған. Әлеуметтік салада мемлекеттік-жеке меншік әріптестігі дамуының қазіргі ахуалына талдау жасалынып, оның болашағы жөнінде бірқатар ұсыныстар жасалған.

**Түйін сөздер:** мемлекеттік-жеке меншік әріптестігі, әлеуметтік сала, институционалдық орта, әлеуметтік жоба, инфрақұрылым, жеке меншік сектор, әлеуметтік мәселелер.

**Аннотация.** В научной работе рассматриваются проблемы использования возможностей государственно-частного партнерства в решении проблем социальной сферы, которые становятся все более значимыми в социально-экономическом развитии страны. Проведен анализ современного состояния развития государственно-частного партнерства в социальной сфере, выработан ряд предложений по его перспективному развитию.

**Ключевые слова:** государственно-частное партнерство, социальная сфера, институциональная среда, социальный проект, инфраструктура, частный сектор, социальные вопросы.

**Annotation.** The scientific work deals with the problems of using the opportunities of public-private partnership in solving the problems of the social sphere, which are becoming increasingly important in the socio-economic development of the country. The analysis of the current state of development of public-private partnership in the social sphere, developed a number of proposals for its long-term development.

**Key words:** public-private partnership, social sphere, institutional environment, social project, infrastructure, private sector, social issues.

ҚР тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2018 жылғы 5 қазандағы «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» Жолдауында елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының алдағы жылдарға арналған маңызды міндеттері айқындалып, осы міндеттер санатында халықтың әл-ауқатын жақсарту үшін мемлекеттік-жеке меншік әріптестігінің мүмкіншіліктерін пайдаланудың маңыздылығы, әлеуметтік «секторға жеке инвесторларды тарту үшін жағдай» жасаудың қажеттігі атап өтілген болатын [1].

Қазақстанда мемлекет пен бизнестің әріптестік қатынастары енді басталып, даму үстінде, өйткені елдің әлеуметтік-экономикалық құрылымында мемлекеттік-жеке меншік әріптестіктің (МЖӘ) институттары мен институционалдық ортасы әлі толық қалыптаспаған. Бұл мемлекеттік биліктің бизнеспен институционалдық өзара іс-қимылының нысаны ретінде МЖӘ мәнін ғылыми негіздеудің, оның қоғамды дамытудағы рөлін, МЖӘ іске асырудың нысандары мен тәсілдерін айқындау қажеттігін дәлелдейді.

Ғылыми әдебиетте мемлекеттік-жеке меншік әріптестіктің анықтамалары мен мазмұндық ұғымдарының ауқымы өте зор.

Мемлекеттік-жеке меншік әріптестік ұғымының дефинициясын талдау кезінде бір зерттеушілер МЖӘ мазмұнына мемлекет пен жеке меншік сектор арасындағы кез келген қарым-қатынасты (кең түсінік) салатыны анықталды, басқа ғалымдар мемлекеттік сатып алу мен жекешелендіру сияқты ұғымдардан бөліп қарап, мемлекеттік-жеке меншік әріптестікті тең құқықты серіктестік қарым-қатынастар ретінде (тар түсінік) түсіндіреді [2].

Бірақ МЖӘ бойынша көзқарастардың белгілі бір айырмашылықтарына қарамастан, авторлар мемлекет пен жеке сектордың бірлескен жобаларын қоғамдық маңызды құбылыс деп анықтайды [2]. Мемлекеттік және жеке секторлардың бірлескен күш-жігерімен қол жеткізілуі мүмкін экономикалық және әлеуметтік пайда едәуір дәрежеде әрбір тараптың жекелеген нәтижелерінен асып түседі.

Біздің ойымызша, мемлекеттік-жеке меншік әріптестік тар мағынада - жеке қаржы ресурстарын мемлекеттік меншік объектілеріне инвестициялап, кейіннен оларды бірлесіп басқарудан көрінетін билік пен кәсіпкерлік құрылымдардың өзара тиімді ұзақ мерзімді серіктес іс-қимылының тетігі. МЖӘ кең мағынада - әлеуметтік маңызды міндеттерді бірлесіп шешу үшін мемлекеттік билік және жеке кәсіпкерлік органдарының қаржылық-инвестициялық, ұйымдастырушылық-басқарушылық және зияткерлік ресурстарының ұзақ мерзімді тұрақты заңды кооперацияланған институты.

1-кестеде мемлекеттік-жеке меншік әріптестік ұғымының мазмұнын айқындайтын бірыңғай, базалық сипаттамалар берілген.

Кесте 1. Мемлекеттік-жеке меншік әріптестік ұғымы сипаттамалары

	Сипаттамалары
1	МЖӘ қатысушыларының әріптестігі ресми құжатпен міндетті түрде бекітіледі.
2	Мемлекет жобаларда жеке бизнеске жай ғана қосылмай, МЖӘ нысандарын дамыту үшін қоғамдық маңызы бар игіліктерді іске асыруға ықпал ететін қажетті жағдайлар жасайды.
3	МЖӘ екі тараптың – мемлекеттік құрылымдар мен жеке бизнестің қатысуы.

4	МЖӘ жобалары экономикалық және әлеуметтік бағытта болады.
Ескерту: [3]-ші дереккөз негізінде құрастырылған	

МЖӘ - ні ерекше тетік әрі әлеуметтік-экономикалық институт ретінде қарау осы ұғымды түсіндірудегі белгілі бір қайшылықтарды жоюға мүмкіндік береді. Атап айтқанда, қазіргі Қазақстанда МЖӘ тетіктері кезең-кезеңімен іске асырылуда, алайда МЖӘ-нің толыққанды институты туралы әзірше айта алмаймыз, өйткені МЖӘ-нің институт ретіндегі маңызды белгілері (арнайы, қарама-қайшы емес заңнаманың және құқық қолдану тәжірибесінің болуы, дамыған инфрақұрылым, МЖӘ-нің тұтастай алғанда мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі әсері) қазіргі уақытта қалыптаспаған. МЖӘ институттануы ғана осы механизмнің жаппай сипат алуына мүмкіндік береді.

Шет елдерде мемлекет пен бизнестің әріптестік өзара іс-қимылын жекешелендіру процесінің баламасы ретінде қарастырады, өйткені МЖӘ мемлекеттік билік органдарына мемлекеттік объектілерді бақылауды жоғалтпай жеке сектор қаражатын тартуға мүмкіндік береді. Осы елдерде іске асырылатын мемлекеттік-жеке меншік әріптестік жобаларының негізгі массасын инфрақұрылымдық объектілермен байланысты жобалар құрайды, оларды жекешелендіру көптеген елдерде халықтың әлеуметтік-экономикалық дискриминациясын болдырмау үшін немесе басқа да себептерге байланысты стратегиялық тұрғыда орынсыз деп танылады [4].

Қазақстан Республикасында мемлекеттік-жеке меншік әріптестік механизмі 1991 жылы заңды түрде енгізілді, ал 2006 жылы Қазақстанда "Концессиялар туралы" ҚР жеке Заңы қабылданды, ол оның заңнамалық базасын одан әрі дамыту үшін негізгі құжат болды. 2015 жылы "Мемлекеттік-жеке меншік әріптестік туралы " ҚР Заңы қабылданды. Бұл Заң әлеуметтік бағыттағы жобаларды жүзеге асырудағы жеке сектордың рөлін арттырды.

Қазақстанда МЖӘ көбінесе мемлекет дәстүрлі түрде жауапты болатын жобаларды іске асыру кезінде пайдаланылады. Бұлар құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық саланы, білім беру және денсаулық сақтауды, әлеуметтік инфрақұрылымды, көлік желілерін дамытуды, бірлесіп пайдалану субъектілерін қайта құру мен ұстап тұруды қамтиды.

Мемлекеттік-жеке меншік әріптестікті қалыптастырудың әлеуетті саласы ретінде әлеуметтік салаға жүргізілген зерттеу МЖӘ жобаларының белгілі бір ерекшелігі бар екендігін көрсетті, оған мыналарды жатқызуға болады:

- әлеуметтік сала қызметтері бойынша мемлекеттік-жеке меншік әріптестік жобаларында саланың және нақты мекеменің мәні мен негізгі функционалдық міндеттерін көрсететін әлеуметтік мақсат басым болады;

- әдетте, әлеуметтік мақсат мемлекеттік әріптестің мақсаты болып табылады, ал экономикалық – жеке меншік әріптестің. Әріптестік келісімінде мұндай мақсаттар нақты бөлінуі және бір-біріне қайшы келмеуі тиіс;

- әлеуметтік саладағы мемлекеттік-жеке меншік әріптестік нысаны, әдетте, жиынтық объект (әлеуметтік, экономикалық және рухани) болып табылады, өйткені әлеуметтік саладағы әрбір қызмет түрі, іс жүзінде, рухани, әлеуметтік игіліктерді құрумен және таратумен байланысты болады;

- әріптестік объектісінің күрделілігі, әлеуметтік мақсаттың орындалуын жан-жақты бақылау және қадағалау қажеттілігі бақылау индикаторларын мұқият іріктеуді талап етеді;

- әлеуметтік сфераның салалары мен қызмет түрлеріндегі табыстылықтың төмендігі салдарынан пайда табудың күрделілігі және әлеуметтік сала объектілерінің салыстырмалы түрде төмен инвестициялық тартымдылығы әріптестік объектісінің жұмыс істеуі процесінде инвестор үшін табыс табуда қосымша мүмкіндіктерді есепке алу қажеттілігін анықтайды.


Бұл ерекшеліктер тараптардың әлеуметтік саладағы жобаларда айрықша қатынастарын қалыптастырады, сондықтан оларды МЖӘ жобаларын дайындау және іске асыру кезінде ескеру қажет.

Қазақстанда мемлекеттік-жеке меншік әріптестік күн сайын халық арасында дамып келеді, бірақ барлық тұрғындар оның жаппай жүзеге асырылуын түсінбей отыр. Әріптестіктің осы механизмі жеке және мемлекеттік сектор арасындағы өз қаражатын игеру және әлеуметтік инфрақұрылымды басқару жөніндегі ұзақ мерзімді қатынастарға негізделеді. Егер әлеуметтік маңызы бар объектілерге жеке кәсіпкерлер өз қаражатынан инвестициялар салған болса, онда мемлекет бюджетті оңтайландыра алады, өзінен қаржылық ауыртпалықты алып тастайды және сонымен бірге жеке бизнеске "мемлекеттік" нарыққа кіруге мүмкіндік береді.

Мемлекеттік әлеуметтік бастамаларды іске асыруға белсенді қатысатын жеке компаниялар, ұйымдар мемлекетпен өзара әрекеттестіктен бәсекеге қабілеттілікті, мемлекеттің серіктесі ретінде имиджді, бизнестің тиімділігі мен тұрақтылығын айтарлықтай арттыруға мүмкіндік беретін бірқатар пайда алады, осының арқасында олардың тәуекелдері төмендейді және менеджмент сапасы едәуір артады.

Сонымен бірге елімізде 2016 жылдан бастап ағымдағы жылға дейін мемлекеттің қатысуымен жұмыс жасайтын жеке меншік кәсіпорындар санының азаюы байқалады. 2019 жылдың қаңтар айының соңына қарай мемлекет қатысатын тіркелген жеке компаниялардың саны 784-ті құрап, өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 6,3% - ке төмендеді. Бұл елдегі барлық тіркелген жеке компаниялардың 0,2%. Оның ішінде 663 компания жұмыс

істейді, олардың тіркелген кәсіпорындардағы үлесі — 84,6%. 2018 жылы жұмыс істеп тұрған компаниялар саны 690 — ға жетті, жылдық өсім 7,6% - ке жетті (1-суретті қараңыз).



1 сурет. Мемлекет қатысымы бар жеке кәсіпорындар ( қаңтар 2019 ж.)

[5]-шы дереккөз негізінде құрастырылды

Сала бойынша қарасақ, МЖӘ жобаларының басым саны білім беру саласына тиесілі — 55,7%, денсаулық сақтау саласының үлесіне барлық жобалардың 21,6% келеді, ал дене шынықтыру және спорт саласы көшбасшылардың үштігін жабады — 8,9% (2-суретті қараңыз).



2 сурет. Мемлекет қатысымы бар жеке меншік кәсіпорындар

[5]-шы дереккөз негізінде құрастырылды

Талдаудан мемлекеттік-жеке әріптестіктің сфералар бойынша біркелкі дамымай отырғанын көреміз. Сондықтан бұл мәселені шешу үшін кәсіпкерлермен неғұрлым тығыз ынтымақтастық орнату, мемлекеттік-жеке меншік әріптестік тетіктерін белсенді дамыту, олардың құнын қысқарту қажеттілігіне назар аудара отырып, жаңа жобаларды іздестіру жөніндегі жұмысты күшейту қажет. Мемлекеттік-жеке меншік әріптестіктің басты өлшемі - бюджет қаражатын үнемдеу. Мемлекеттік-жеке меншік әріптестік жобаларының мерзімі, біздің ойымызша, объектінің сапасына зиян келтірмей, оның ерекшелігі мен әлеуметтік маңыздылығына қарай анықталуы тиіс. Содан кейін бұл ғимараттарды коммуналдық меншікке беруге болады, тек сонда ғана қаражат тұрақты негізде игеріледі.

Соңғы жылдары мамандар тарапынан мемлекеттік-жеке меншік әріптестікті дамыту үшін мынадай шаралар ұсынылуда: біріншіден, қазынашылық органдар қазір мемлекеттік міндеттемелер көзделмеген шарттарды тіркемеуі керек. Инвесторлардың мемлекеттік-жеке меншік әріптестік жобаларына қызығушылығын арттыру және жасалған әріптестік шарттардың статистикасын жүргізу үшін Қаржы министрлігіне мемлекеттік-жеке меншік әріптестік шарттарын тіркеу ұсынылады. Екіншіден, Ұлттық экономика министрлігіне сапа өлшемдері бойынша бағалауды енгізу және әріптестік жобаларын дайындау мерзімін бақылау ұсынылады. Үшіншіден, салалық мемлекеттік органдар мен жергілікті органдар қабылдаған шешімдерді ескере отырып, әріптестік бойынша жол карталарын жаңарту, сондай-ақ әріптестік салаларын кеңейту ұсынылады. Төртіншіден, мемлекеттік органдарға Қазақстандағы әріптестік орталығымен бірлесіп, қызметкерлердің әріптестік мәселелері бойынша біліктілігін арттыру ұсынылады.

Мемлекеттік-жеке меншік әріптестік нысандарын дамытудың күрделілігі жеке бизнестің тез пайда алуға ғана мүдделі болып, ал әлеуметтік саланы, қоғамды, ел экономикасын дамыту мәселелері оны аз дәрежеде толғандыратынымен де түсіндіріледі. Кез келген бизнес (ұсақ, орташа, үлкен) бюджет жүйесінің кез келген деңгейіндегі бюджеттен қаражат алып, мемлекет экономикасының құрылымын жақсартпай, табыс алуға дайын екендіктерін білдіреді. Мұндай жағдайдың болуы түсінікті, өйткені ол жалпы Қазақстандағы бүгінгі жеке бизнестің ерекшелігін көрсетеді. Жетілген әріптестік әріптестікті дамытуды басқарудағы стратегия мен тактиканың ашықтығы мен айқындығы жағдайында ғана мүмкін болады.

Қазір қоғамдық функцияларды іске асыруды түсіну процесі өте маңызды, отандық зерттеулер мемлекеттің қоғамдық функцияларын арнайы қарастырмайды. Осының салдарынан басқару саласында қоғамдық функциялар мен мемлекеттік меншік арасында

байланыс жоқ. Қалыптасқан жағдайда мемлекет пен жеке сектор арасындағы өкілеттіктерді бөлу өте қиын.

МЖӘ дамуы өңірлер экономикасына да тікелей байланыстылығын атап өткен жөн. Мемлекеттің басқару функцияларын оңтайландыру және өңірлік экономикалардың әлеуетін кеңейту мақсатында мемлекеттік деңгейде мемлекеттік-жеке меншік әріптестік нысандарының бірыңғай тізбесін қалыптастыру қажет деп санаймыз.

Өңірлік бюджеттердің экономикалық мүмкіндіктеріне сүйене отырып, Қазақстанның қандай да бір өңірінің мемлекеттік басқару органдары аумақтың экономикалық әлеуетін арттыруға мүмкіндік беретін әріптестік қатынастар нысандарының басымдықтарын айқындауы тиіс.

Ғылыми әдебиетті талдау мемлекеттік-жеке меншік әріптестік саласына экология объектілері, қоғамдық көлік, коммуналдық қызметтер жататынын көрсетті. Оларды тұтастай алғанда қоғамдық қызмет көрсету саласындағы объектілер тобына біріктіруге болады. Белгіленген салалардан басқа, сондай-ақ темір және автомобиль жолдарын, құбыр көлігі мен электр беру желілерін, энергетикалық кәсіпорындарды, құбыр-су көлігін, теңіз, өзен және жел порттарын қамтитын өндірістік инфрақұрылым объектілерін де жатқызуға болады.

Ұсынылған нысандардың барлығы бірдей Қазақстанның жеке өңірінде іске асырыла бермейтінін атап өткен жөн. Мемлекет пен жеке бизнестің өзара іс-қимыл нысандарын мемлекеттік-жеке меншік әріптестікті іске асыру барысында Қазақстан өңірлерінің әлеуметтік-экономикалық жағдайы мен даму ерекшеліктерімен байланыстырған жөн. Қазақстанның көптеген аймақтарында бюджеттік шектеулерге байланысты барлық қажетті халықтық инфрақұрылымды дамытуды тек бюджет қаражаты есебінен тиімді басқару мүмкіндігі жоқ. Әлемдік практика мен салыстырмалы түрде уақыт бойынша аз жинақталған тәжірибе көрсетіп отырғандай, өңір экономикасының өсімін басқаруда мемлекеттік-жеке меншік әріптестік экономиканы дамыту және нарықты қоғамға қажетті өніммен молықтыру үшін жеке кәсіпкерлік механизмі мен бастамасын оңтайлы пайдалануға мүмкіндік береді. Өңір экономикасының дамуын тиімді басқару мақсатында мемлекеттік-жеке меншік әріптестіктің түрлі нысандарын кеңінен және белсенді пайдалану қажет. Өңір экономикасын дамытуды басқаруда мемлекеттік-жеке меншік әріптестік тетігін өңірлік деңгейде пайдалану механизмі қазіргі уақытқа дейін дұрыс жолға қойылмаған.

Сондықтан мемлекеттік-жеке меншік әріптестікті дамыту бойынша мынадай шараларды ұсыну орынды деп санаймыз:

1) өңірлер деңгейінде тұжырымдамаларды қабылдау үшін іргелі негіз болатын мемлекеттік-жеке меншік кәсіпорынды дамыту тұжырымдамасын ұлттық деңгейде

жетілдіру. Өз кезегінде өңірлер тұжырымдаманың негізін ескеруге және өздерінің тұжырымдамаларын әлеуметтік-экономикалық басымдықтармен толықтырып отыруға тиіс;

2) мемлекеттік-жеке меншік әріптестік жобаларын іске асыру жөніндегі қызметті реттейтін экономикалық және құқықтық актілердің бір өңір шеңберінде өзара, сондай-ақ Қазақстан өңірлері арасында келісілгендігі жөнінде зерттеу жүргізу;

3) "Мемлекеттік-жеке меншік әріптестік туралы" ҚР Заңында МЖӘ іске асыру нысандары нақты белгіленіп, жүйелендірілуі тиіс. Сондай-ақ ұлттық деңгейде заңға тәуелді нормативтік актілер - шарттардың үлгілік нысандары, жобаларды іске асыру жөніндегі нұсқаулықтар, экономикалық қызметтің нақты түрлерінің ерекшеліктерін және жобаларды іске асыру тетіктерін, меншік құқықтарын мемлекеттен бизнеске беруді регламенттейтін ережелер қабылдануы тиіс;

4) мемлекет деңгейінде мемлекеттік-жеке меншік әріптестікті үйлестіру және бақылау жөніндегі кеңес құрылған дұрыс. Мұндай кеңестер барлық өңірлерде құрылып, олардың іс-әрекеттері алқалы түрде үйлестірілуі тиіс;

5) мемлекеттік-жеке меншік әріптестік шеңберінде кез келген жобаларды жүзеге асырғанда халықтың өмір сүру деңгейін арттыру, бөлінетін ресурстарды ұтымды және тиімді пайдалану басты басымдық болуы керек. Бұл шараларды іске асыру мемлекеттік-жеке меншік әріптестікке барлық қатысушылардың мүдделерін, оның ішінде тәуекелдер түрлерін бөлу мәселелері бойынша, үйлестіретін басқарушылық шешімдерді әзірлеу үшін уақыт пен басқа да ресурстарды талап етеді. МЖӘ туралы келісімдерді іске асыру кезінде қатысушылардың тәуекелдерін түпкілікті анықтау мүмкін емес, бірақ олардың өңір экономикасына әсерін жеңілдету және оларды азайту мақсатында экономикалық қызметтің жекелеген түрлері бойынша мемлекеттік-жеке меншік әріптестік шеңберінде келісімдер жасау қажет. Бұл өте тиімді болуы мүмкін. Тәуекелді төмендету және азайту мақсатында мемлекеттік-жеке меншік әріптестік жобасының іске асырылуын бақылауды жобаның бүкіл өмірлік циклі бойы жүзеге асыру қажет.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. ҚР тұңғыш Президенті Н. Назарбаевтың «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» Жолдауы. 2018 жылғы 5 қазан // <http://www.akorda.kz>
2. Матаев Т.М. Перспективы развития форм государственно-частного партнерства в Республике Казахстан // Российское предпринимательство. – 2011. – Том 12. – № 12. – С. 187-192.



3. Шатерникова А. Государственно-частное партнерство в Казахстане // Казахстанская еженедельная газета «Панорама». – 2012. - № 32. - С. 3.

4. Варнавский В.Г. Государственно-частное партнерство: некоторые вопросы теории и практики / В. Варнавский // Мировая экономика и международные отношения. - 2011. - № 9. - С. 41-50.

5. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің ақпаратты-талдамалы жүйесі // [www.taldau.stat.kz](http://www.taldau.stat.kz)

## **ҒТАМР 71.37.75**

### **АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ТУРИСТІК РЕКРЕАЦИЯЛЫҚ ДАМУ ПОТЕНЦИАЛЫНА БАҒА БЕРУ**

**М.Ж. ӨМІРЗАҚОВА, А.С. НҮРҒАЗИНА**

*Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Ақтөбе қаласы,  
Қазақстан*

**Аңдатпа.** Туристік рекреациялық әлеуетті интегралдық бағалау аумақты туристік игерудің ерекшеліктерін анықтау бойынша бастапқы зерттеулерді жүзеге асыру үшін, туристік ресурстармен қамтамасыз ету бойынша әр текті ақпаратты ретке келтіру үшін қажет. Сонымен қатар, ол туристік бизнесті Стратегиялық жоспарлау кезінде бастапқы ақпараттық база ретінде әрекет етеді. Туризм мен рекреацияның экономикалық мәнін зерделеудің ресурстық тәсілі ғылымның қалыптасуындағы алғашқы зерттеушілерді толғандыра бастады. Осы уақытта туристік-рекреациялық процестерді зерттеудің ресурстық қағидатының негізгі ғылыми-әдіснамалық ережелері қалыптасты. Көптеген жылдар бойы өңірлік деңгейде жіті зерттеу пәні болып табылатын туризм мен рекреацияның ресурстық базасының әртүрлілігін жоғары бағалаған жөн. Зерттеушілердің көпшілігі ресурстар қазір немесе болашақта нақты аумақтың пайдаланылатын объектілері мен құбылыстары ретінде анықталады деген пікірді ұстанады, әлеует осы ресурстардың жиынтығын және ортаның (табиғи, экономикалық) қалған барлық жағдайларының әсерін білдіреді. Бұл контекст ғалым - географтар ортасында зерттеу міндеттеріне қарай ауытқу үлесімен басым болады және бір аумақтардың потенциалдарын ұқсас ресурстармен басқалармен салыстыруға мүмкіндік береді.

**Түйінді сөздер.** Туристік рекреациялық әлеует, туризм, рекреация, дестинация, тепе-теңдік балансы

**Аннотация.** Интегральная оценка туристского рекреационного потенциала необходима для осуществления первоначальных исследований по определению особенностей туристского освоения территории, упорядочения разнородной информации по обеспечению туристскими ресурсами. Кроме того, он выступает в качестве исходной информационной базы при стратегическом планировании туристского бизнеса. Ресурсный подход к изучению экономической сущности туризма и рекреации начал волновать первых исследователей в становлении науки. В настоящее время сформированы основные научно-методологические положения ресурсного принципа исследования туристско-рекреационных процессов. На протяжении многих лет следует высоко оценивать разнообразие ресурсной базы туризма и рекреации, которая является предметом интенсивного исследования на региональном уровне. Большинство исследователей придерживаются мнения о